

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША / ПСИХОЛОГИЯ

Менің сүйікті балабақшам!

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.10.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/18623/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Бекпаева Айжан Булатовна**Бәрі де татулықтан басталады.**

Ата-анаңа құрметпен қара, әдеппен сөйле.

Сабақтың мақсаты: отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.**Міндеттері:**-отбасындағы татулық туралы түсінік беру;

-отбасындағы өзара сыйластық, өзара түсіністіктерінің қалыптасуына ықпал ету;

-туған, өскен үйде тату болған тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: дәптер, ойынға қажетті құралдар, ұнтаспа.**Шаттық шеңбері***Балалар шеңбер құрып тұрады.*-Амансыңдарма, балалар! Сендерменкездескеніменқуаныштымын.
ЕндібарлығымызМ.Мақатаевтыңмынаөлеңінбіргеайтайық.

Анаммаған-үлкендісыйладеген,

Солсөзмағанізгілікқұйғанерен.

Үлкендерденауысқанкішілікті

Үлкендерденөзінесыйға берем.

Әңгімелеу

Тәрбиеші балаларға Н.Қадырбаевтың «Мейірім» әңгімесі оқып береді.

Мейірім

Айнұр көпшіл. Үнемі өзі қатарлы қыздар мен ұл балалар арасында ойнап жүреді. Олар да Айнұрдың соңынан бір елі қалмайды.

Енді, мінеки, атасы мен әжесінің ауылымен қош айтысатын мезгіл де жетті. Папасы-әскери адам. Кезекті демалысы бітті. Жауынгерлік жаттығуларына қайта оралмақ.

Атасы мен әжесі:

-Балам, қайда жүрсең де аман бол. Еліңді, жеріңді сүй, қорға, -деді.

Айнұр қоштасар сәтте ерекше мінез көрсетті.

-Ата, әже, папа, мама, бәріміз бірге тұрайық, -деді.

-Кәнеки, ондай болса. Бірақ, папаңның жұмысы бар. Атаң мен әжең ауылда. Мүмкін емес қой, жаным, -деді әжесі бауырмал Айнұрды кеудесіне қысып.

-Онда мен атам мен әжемнің қасында қалам. Кетпеймін. Кім қарайды оларға? -деді төртжасар Айнұр көзі жасаурап.

-Енді демалыста және келеміз, -деді мамасы.

-Жоқ. Мен осы жерде қаламын.

Айнұр папасы және мамасымен қоштасты. Қолын бұлғап қалды.

Папасы мен мамасы Айнұрдың бүгінгі мінезіне қайран қалды. Әйтсе де қимай қоштасқандары жүздерінен байқалады.

Ал атасы мен әжесінің қуаныштарында шек жоқ. Айнұрдың атасы мен әжесіне кішкентай бүйрегінің бұрып тұрғанына әбден риза болады.

Әңгімені бекітуде сұрақ-жауап өткізу.

- Айнұр атасы мен әжесінің қасында не үшін қалғысы келді?
- Атасы мен әжесіне мересіне неге риза болды?
- Сендер Айнұрдың орнына болсаңдар не істердіңдер?
- Сендер аталарының мен әжелеріңесүйіспеншіліктеріңді қалай білдіре алсаңдар?

Балалар өз ойларын толық жеткізеді.

Дәйексөз.

-Ата-анаң саған тұғаныңнан бастап, азамат болғанша қамқор болды. Сен де оларды,

сыйлауға, құрметтеуге үйренуің керек. Халықта: «Ата-анаңа құрметпен қара, әдеппен сөйле» деген нақыл сөз бекер айтылмаған.

Тәрбиеші балаларға ата-аналарын құрметпен қарап, әдеппен сөйлеп, айтқандарынекіетпей орындап отыруларынескеріп, бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.

Сергіту сәтін өткізу.

Өлең мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасау.

Атамның алып күрегін

Ауланың қарынкүредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң-тозаңды қуамын.

Ойын.

«Сиқырлықоржын»

Ойынның шарты: балалар қоржынның ішінен отбасылық суреттерді алып отырып, өздерін сол суретке теңестіреді немесе әңгіме құрастырып береді.

Тыныштық сәті.

-Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастаныңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмып, ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің атанемесе әжелеріңнің алдында еркеленіп, ал олар сандардың бастарыңнан сипап тұрғанын сезініңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады. Өздеріңді қалай сезіндіңдер.

Балалар өздерін қалай сезінгендерін баяндап береді.

Дәптермен жұмыс.

Тәрбиеші балаларға дәптердегі тапсырманы түсіндіреді.

-Дәптерге өз үйлеріңнің суретін салыңдар.

Ғажайып сөздер

Балалар сабақ бойы айтып үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.

Үлкендерді құрметте.

Ата-анаңасыйла, ренжітпе.

Қорытындылау

Тәрбиеші сабақты қорытындылайды:

-Біз бүгін отбасын датуыстардың, жақына да мдардың бірін-бірі жақсы көретіні, сыйласып, тату болатыны, бір-біріне әрқашанда көмектесіп, қамқор боланыны туралы білдік. Отбасы мүшелері бір-біріне түсіністікпен, сүйіспеншілікпен қараса, барлығы бақытты болып, отбасын датулы қорнайды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.